

С.Торайғыров атындағы облыстық ғылыми кітапхана ірі аймақтық ақпарат, білім беру және мәдениет орталығы ретінде өзінің пайдаланушылары арасында тоқсан сайын әлеуметтік зерттеулер жүргізіп келеді. Осы арқылы оқырмандарымыздың рухани орынға деген бағасын біліп, қызмет сапасын арттырамыз.

Сізге қандай кітапхана керек?

Кітапханаға келген оқырмандарымыз арасында жиі жүргізілетін сауалнамалардың ішіне «Сізге қалай қызмет көрсетілді?», «Кітапханаға оқырмандардың бағасы», «Арнайы қажеттіліктері бар адамдарға қызмет көрсету», «Кітапханашы балалардың көзімен», «Әйелдер не оқиды?» тәрізді сұрақтар кіреді. Қызмет көрсету сапасы бойынша сауалнамаға 20 жасқа дейінгі және 60 жастан жоғары 30 адам қатысты, оның ішінде 62%-ы - әйел, 38%-ы - ер адамдар.

Ең үлкен топ - 20-30 жас аралығындағы студенттер 47,6% немесе жалпы санның 42,9 пайызы. Бұл негізінен жоғары немесе арнайы орта білімі бар жастар 28,6%. Оқырмандардың 81%-ы біздің кітапханамызды, ал қалған 23,8%-ы басқа кітапхананың қызметіне жүгінетіні белгілі болды.

Біздің кітапхананың ерекшелігі - ақпараттың көптігі, Wi-Fi арқылы INTERNET-ресурстарына қолжетімді болуы, кітапхананың қала орталығында орналасуы және оның дизайны үлкен рөл атқарады. Осының барлығы келушілерге жайлы ортада жұмыс істеуге мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен, сауалнаманың нәтижесінде оқырмандардың жартысынан көбі, яғни 62%-ы кітапханаға айына бірнеше рет келсе, аптасына мұнда ат басын бұратындар - 14,3%-ды, жылына бірнеше рет келетіндер - 14,3%-ды, күнделікті оқырмандар саны

4,8%-ды құрайтыны анықталды. Сонымен қатар, жерлестеріміздің арасында «көркем әдебиет және өнер» тақырыбындағы кітапты оқитындар 85,7%, «әлеуметтік және экономикалық ғылымдар» бойынша 33,3%, ал «жаратылыстану ғылымдары» негізінде 28,6%, «техника» саласында 19%, «медицина» әдебиеттерін іздейтіндер 14,3%-ды құрайды екен.

Жерлестеріміз алдағы уақытта қордағы «әдеби жаңалықтарды», «шетел әдебиетін», «бестселлерлердің» мол болғанын қалайды. Бұдан бөлек, көптеген қатысушылар кітапханада кафе немесе буфет болса деген ниетте.

Бізді қуантатын жайттың бірі - қазіргі уақытта облыстық кітапхананың жастар арасында үлкен сұранысқа ие болуы. Бізді жастардың 79%-ы электрондық басылымдарға қарағанда дәстүрлі кітапты ұнататындығы таң қалдырады. Зерттеу көрсеткендей, кітапханада бос уақытты өткізу үшін жастарда таңдау еркіндігі бар.

Айнагүл ЖЫЛҚЫБЕКОВА,
С.Торайғыров атындағы
облыстық кітапхананың
кітапханаларды дамыту бөлімінің
басшысы,

Айнель МЫРЗАҒАЛИЕВА,
кітапханашы.